

Сарыбұлақ ауылындығы № 1 жаңа көшеге атау беру туралы

Жамбыл облысы Қордай ауданы Сарыбұлақ ауылдық округі әкімінің 2014 жылғы 3 қарашадағы № 27 шешімі. Жамбыл облысы Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 қарашада № 2370 болып тіркелді

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 35 бабына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14 бабының 4) тармақшасына сәйкес және тиісті аумақ халқының пікірін ескере отырып **ШЕШІМ**

Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :

1. Сарыбұлақ ауылдық округінің Сарыбұлақ ауылындағы № 1 жаңа көшеге «**А т а м е к е н**» атауы берілсін.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау Сарыбұлақ ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы С. Алетоваға жүктелсін.

3. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ауылдық округ әкімі

М. Ибраимов